

## КӘСІПОРЫН ҚАРЖЫЛАРЫН БАСҚАРУ

Сутбаева Р.О

*В статье показано как эффективно осуществлять управление финансами на предприятии, и для этого выделены группы финансовых ресурсов, разработана модель финансового управления. Которая позволяет взаимосвязать внутреннее и внешнее управление финансовыми ресурсами.*

*An efficient way to manage company finances with the help of specially allocated groups of financial resources is demonstrated. The model of financial management allowing to correlate the inner and outer management of financial resources is developed.*

Қазіргі таңда өнеркәсіп шеңберіндегі кәсіпорындардың негізгі мақсаты пайда табу ғана емес, оған қоса нарықта сұранысқа әсер ете алатын және бәсекелестікке қабілетті бизнесті құру.

Сонымен қатар экономиканың нақты секторының субъектісі бола отырып, өнеркәсіптік кәсіпорындар мақсаттарына жету үшін қаржыны икемді басқара білуі тиіс, оған қоса тұтынушылық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тартымды өнім үлгілерін шығара білген жөн.

Қаржы ақша ағымын басқаруды қарастыратын ғылым. Кәсіпорынның қаржылық саясаты қаржылық ресурстарды мобилизациялауға, кәсіпорынның не болмаса жеке жұмысшылар мақсатына жету үшін бағытталған.

Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша «кәсіпорынның қаржылық ресурстары-бұл жеке ақша табыстары мен тартылған құралдардың жиынтығы, ол кәсіпорынның қаржылық міндеттемелерін, қаржылық және өндірісті кеңейтумен байланысты шығындар деп көрсетеді». [1]

Қаржылық басқаруды тиімді жүзеге асыру, кәсіпкерлікті жоғарлатуға бағытталған және бизнестің табыстылығын максималдауға, кәсіпорын қызметін басқарудың оперативті қаржылық моделін көрсетеді. Аталған модель қаржылық басқару ресурстарының ағымдарын қамтамасыз етеді, табыстар және шығындар, кәсіпорын қызметінің ағымдық бағалау нәтижесін және құрылымдық бөлімшелердің жұмыстарын реттеп отырады.

Басқаруда екі топ ресурс объектісін бөліп көрсетуге болады:

Кәсіпорынның қаржылық ресурстары:

- Сатудан түскен табыс;
- Кәсіпкерлік капитал;
- Амортизациялық аударымдар;
- Пайда.

Кәсіпорын қолданысындағы қаржылық ресурстар:

- Бюджеттік түсімдер;
- Инвестициялар;
- Қаржылық салымдардан табыстар;
- Сақтандыру;
- Қор нарығынан алынған құралдар;

– Қарыз құралдары.

Дамыған экономикада қаржылық ресурстар, яғни ақшалай шығындардың элементтері болатын, кәсіпорынның бизнес операцияларын жүзеге асыруға жұмсалатын шығыстар. Ол қаржылық механизммен жүзеге асырылады. Отандық әдебиттерде қаржылық механизм бірыңғай талданбайды. Экономист ғалымдардың берген талдамаларынан кәсіпорынның қаржылық механизмі-кәсіпорынның қаржысын басқару жүйесі қаржы әдісі мен қаржылық тұтқалар арқылы жүзеге асады. Қаржылық әдістер көмегімен қаржылық ресурстар қозғалысын басқару жүзеге асады және оларды пайдалану тиімділігін бағалау жүргізіледі. [2]

Ал орыс ғалымы Л.М. Бурмистрованың еңбегінде мүлдем басқаша айтылған – кәсіпорынның қаржылық механизмі пайда табу мақсатындағы қаржыны басқару жүйесі делінеді. Мұнда дискуссиялық сұрақ болып, максималды пайда болып отыр, кәсіпорын нарықты экономика жағдайында тек ғана максималды пайда ғана емес, нарықта лидер болуға ұмтылады. Бірақ бұл анықтамада бастысы болып, қаржыны басқара білу қажет.

Кәсіпорынның (ұйымның) қаржысы – бұл ақша құралдарын қалыптастыру процессінде пайда болатын қатынас, олардың бөлістірілуі және пайдаланылуы.

Өндіріс ішілік ақша қатынастары, кәсіпорын қаржысын құраушылар, бірыңғай топқа біріктіруге болады. Кәсіпорын қаржыларынан бәсекелестікке қабілетті өнім пайда болады және оларды нарықтарға бөлістіру жүзеге асады.

Кез-келген кәсіпорынның қаржыларын басқару жалпы басқарудың бір элементі ретінде қарастырылады. Корпоративтік құрылымда қаржыны басқару рөлі жоғарлайды, сол сияқты кәсіпорын қаржысын басқарудан басқа топтардан шоғырланған ақша қорын басқара білу қажет. [3]

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынды дұрыс басқара білу кәсіпорынның қаржылық ресурсын тиімді басқаруды ұсынады. Бұл жағдайда қаржылық ресурстарды тиімді басқару жоғарлайды, сол себептен негізгі және айналым капиталының тиімді жұмыс жасауы, жұмыс күшінің тұрақтануы, кәсіпорынның қаржылық жағдайы да соған байланысты жасақталады.

Бір жағынан кәсіпорын қаржысын басқаруды үйрену, әр түрлі сала бойынша экономиканы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорын қаржысын басқаруда өзге жолды ұсынуға болады




**Сурет1. Кәсіпорын қаржыларын басқару әдісі**

Суреттен көріп отырғандай кәсіпорын қаржысын басқаруда екі негізгі элементті бөліп көрсетілген, біріншісі – ішкі бөлімшелер көмегімен қаржыны басқаруды, ал екіншісі басқа кәсіпорындардың көмегімен тартылатын қаржылық ресурстарды басқару көрсетілген. [4]

Ішкі қаржылық басқару ішкі бөлімшелер жұмысынан экономикалық тиімділікті көрсетеді. Бұл шығындарды азайту және өндірістік емес төлемдер және төлеу уақытын өзгерту, шикізатты алуда қосымша төмен бағалар, өнімге шығындарды төмендету. Екінші типтегі басқару кәсіпорынның стратегиялық дамуына әкеледі. Бұл жағдайда маңызды элементтер инвестицияны уақтылы бағалауға, акцияны сату, мемлекеттік қолдау, кәсіпкерлік капиталынан, қаржылық салымдар табыстарынан тұрады. Аталған сәйкестік кәсіпорында іс жүзінде қаржылық служба құрылымын құрғанда пайдаланылады.

Кез-келген экономикалық жүйеде қаржыны басқару процесі басқарушы және басқарылатын жүйелерден тұрады (сурет 2).



**Сурет 2. Кәсіпорында қаржыны басқару жүйесінің жұмыс істеу құрылымы**

Суреттен көріп отырғандай басқару объектісінің негізгісі болып адамдар емес, ақпараттар мен ақша ағымдары болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайында қаржылық ресурстарды пайдалану мен басқару, шығындар элементі болып табылатын кәсіпорынның бизнес операцияларын жасақтау қаржылық механизммен жүзеге асады. Оның негізінде өндіріске кеткен қаржылық шығындар деңгейін бақылау. Қаржылық есеп басқару механизмі тәрізді қаржылық шығындар және кәсіпорын қызметі мен бөлек бөлімшелердің қызметі нәтижелерінен жасақталады, оған қоса қаржылық ресурстарды тиімді пайдалануға әсер етеді. [5]

Бәсекелестік туындағанда қаржылық есеп кәсіпорынның ішкі қайшылықтарын жояды. Негізгі қайшылықтардың бірі болып, оперативтік басқару болып табылады: жоспарлау-есеп-талдау. Нарықтық экономикадағы жоспарлау нарықтағы статистикалық әдістерді зерттеу негізінде жүзеге асады.

Қаржыны басқаруда маңызды нұсқалардың бірі болып, пайдалылық көрсеткіші болмақ. Басқарудың тиімділігі кәсіпорынның пайдалылық көрсеткішіне қарай анықталуы дұрыс емес. Біріншіден құрылымдық бөлімшелер әу бастан минималды жоспарланған тапсырмаларды алуға ұмтылады. Екіншіден пайдалылық көрсеткіші нарықтағы сұранысты қанағаттандырмайды және бөлек өндірістік бөлімшелердің салымын қарастырмайды, тек ғана пайда мен шығындарды реттеп отырады. Үшіншіден бұндай басқару бөлімшелердің мотивациясын төмендетеді. Бәсекелестіктің күшеюі кәсіпорындардың сыртқы жағдайын өзгертеді,

қаржылық басқару механизмін одан әрі күшейте түседі. Сонымен қатар қаржылық мехнизм негізіне статистикалық әдістер ғана емес, ал кәсіпорынның қаржылық жоспары нарықтық ортаға сай жасақталуы тиіс.

Қаржыларды басқару кез-келген кәсіпорында жүзеге асуы тиіс.

Қаржыны басқару қаржылық талдау ақша қаражаттарын жоспарлау, есеппен, бақылау және реттеумен жүзеге асуы тиіс. Қаржыны басқару жүйесі бизнесті дамытуда қосымша ресурс болмақ. Кез-келген жағдайда қаржыны басқара білген жөн! [6]

#### **Әдебиттер:**

1. Арутюнов Ю.А. Финансовый менеджмент. – М.: КНОРУС, 2008.
2. Баймұхамбетова С.С., Асрандин А.Ш., Мұсаева С.С., Шәріпова Р.Х. Қаржылық менеджмент. – Алматы: Қазақ университеті, 2000.
3. Балабанов И.Т. Риск-менеджмент. – М.:Финансы и статистика,2000.
4. Бланк И.А. Финансовый менеджмент: Учебный курс. К:Ника-центр,2002
5. Бригхем Ю., Гапенски А. Финансовый менеджмент в 2-х т. Под ред. В.В. Ковалева – Спб: Экономическая школа, 2004
6. Кадерова Н.Н. Корпоративные финансы: Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2008.